

Балалардың көрсеткіштері дамуның негізі

Үйлесімді физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық даму — денсаулықтың басты көрсеткіштері. Дені сау бала ширақ, күш-қуаты мол, білімге құштар келеді. Ол қоршаған орта жағдайларына жеңіл бейімделеді. Оның үстіне бала жасының негізгі ерекшелігі оның өсу және даму қарқыны екенін ескеру қажет. Бала неғұрлым кішкентай болса, бұл үдерістер соғұрлым тез, жедел өтеді.

Педиатрияда «физикалық даму» термині деп балалық шақтың түрлі кезеңдерінде баланың бойының, салмағының, жекелеген дене мүшелерінің өсуі мен биологиялық өсіп-жетілуі түсініледі.

